



«Нархоз Университеті» ҚЕАҚ
Академиялық кеңесінің
2022 жылғы «21» 01
№ _____ хаттама шешімімен
«БЕКІТІЛГЕН»

**«Нархоз Университеті» ҚЕАҚ
жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына
ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ**

Алматы, 2022

Мазмұны


Құжат паспорты	3
1. Келісу парағы	4
2. Жалпы ережелер	5
3. Түсу емтихандарын өткізу тәртібі	7
4. Қабылдау комиссиясы қызметкерлерінің жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау жөніндегі жауапкершілігі	8
5. ҚК-мен бірлескен жұмыс кезіндегі бөлімшелердің жауапкершілігі	8
6. Магистратура мен докторантураға қабылдау	9
7. Университеттің жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау саласындағы саясаты мен стратегиялық мақсаттары	9

Құжат паспорты

Құжаттың атауы:	«Нархоз Университеті» КЕАҚ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау ережесі
Қысқаша сипаттамасы:	Осы Ережелер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде «Нархоз Университеті» КЕАҚ магистратураның, докторантураның білім беру бағдарламаларына талапкерлерді қабылдау процесін регламенттейді
Тақырыбы:	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау ережесі
Мәртебесі:	Қолданыста
Бекітілген күні:	<u>21.01.2022</u>
Әрекеттің аяқталу күні:	Жаңасына ауыстыру немесе жою кезінде
Аудит күші:	Қажеттілігіне қарай, ережелерді жаңарту
Аудитке жауапты:	Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы

Келісу парағы

Провост




К.Т. Қожахмет

Академиялық жұмыс жөніндегі вице-провост



С.Ы. Умирзаков

Ғылым жөніндегі вице-провост



К.Б. Молдашев

Құқық және кадр жұмысы
департаментінің директоры



Л. Бисенғали

«Докторантура» ҒББД директоры

С.С. Арыстанбаева

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Нархоз Университеті» КЕАҚ-на жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау ережесі (бұдан әрі-«ережесі») Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. №319 – III «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің 31.10.2018 ж. №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына (бұдан әрі – «үлгілік қағидалар»), Қазақстан Республикасының 15.04.2013 ж. № 88-V «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де қолданылатын нормативтік – құқықтық актілеріне және «Нархоз Университеті» КЕАҚ-ның (бұдан әрі – «Университет») ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

1.2. Университеттің магистранттары мен докторанттарының контингентін қалыптастыру ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орындау, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

1.3. Университеттің магистратурасына, докторантурасына тұлғаларды қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде, сондай-ақ магистратура үшін Кешенді тестілеу (бұдан әрі – «КТ») нәтижелері негізінде жүзеге асырылады.

1.3 Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын төмендегі халықаралық сертификаттардың бірі бар тұлғалар келесідей тілдер бойынша магистратураға КТ-дің шет тілі бойынша тестінен босатылады:

а. ағылшын тілі: IELTS Academic (АЙЛТС Академик) /) / International English Language Testing System Academic (Интернационал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик), шекті балл-кемінде 6,0;

-Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюонал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АйБииТи), шекті балл-кемінде 60;

- TOEFL PBT (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг) Test of English as a Foreign Language Paper-based testing, шекті балл-кемінде 498;

б. неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/C1 деңгейі), TestDaF-Pruefung (NiveauC1/C1 деңгейі);

с. француз тілі: TFI (Test de Franzais International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес, DELF (Diplome d’Etudes en Langue franzaise) – B2 деңгейі, (Diplome Approfondi de Langue franzaise) – C1 деңгейі, (Test de connaissance du franzais) - 50 балдан кем емес.

1.4 «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» білім беру салаларының білім беру бағдарламалары топтарына, сондай-ақ «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсетін тұлғалар Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд емтихан GRE) стандартталған тестін тапсырғаны туралы халықаралық сертификаты болған жағдайда қазақ немесе орыс тілдерінде немесе ағылшын тілінде оқитын магистратураға КТ-ден босатылады.

1.5 «Бизнес және басқару» кадрларды даярлау бағытының білім беру бағдарламалары топтарына магистратураға түсетін тұлғалар Graduate Management Admission Test (грэдуэйт мэнэджмент адмишен тест) GMAT стандартталған тестін тапсырғаны туралы халықаралық сертификаты болған жағдайда оқыту қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде жүргізілетін магистратураға КТ-ді тапсырудан босатылады.

1.6 Ереженің 1.3 т. көрсетілген шет тілі (ағылшын, француз, неміс) бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттарының бірі бар тұлғаларға Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін

өтініш берген кезде, сондай-ақ ЖЖОКБББ-ға ақылы негізде қабылданған кезде 50 балл қосылып есептеледі.

1.7 Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдердегі шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім беру бағдарламаларын сәтті меңгерген және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредиттеуі бар тұлғалар 5 жыл ішінде оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ-дің «Шет тілі» (ағылшын тілі) тестілеу блогынан босатылады.

1.8 Докторантураға кемінде 9 ай жұмыс өтілі және «Магистр» дәрежесі бар тұлғалар қабылданады. Докторантураға түсушілер құжаттардың стандартты пакетінен басқа, Жоспарланған диссертациялық зерттеудің (research proposal) негіздемесін, сондай-ақ шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады:

а. ағылшын тілі: IELTS (АЙЛТС)/International English Language tests System, шекті балл - кемінде 5,5;

- Test of English as a foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP), шекті балл – кемінде 460 балл;

Сертификаты бар тұлғалар (TOEFL IBT (test of English as a Foreign Language institutional Testing Program) докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсырады.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Максималды балл - 100 балл. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу «рұқсат беру» немесе «жібермеу» нысанында бағаланады. «Рұқсат беру» бағасын алу үшін кемінде 75 балл жинау қажет.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді ҰТО білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізіледі.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсыру күні, уақыты және орны оқуға түсушілердің назарына олардың жеке кабинеті арқылы жеткізіледі.

- TOEFL Internet-based Test (TOEFL IBT), шекті балл - кемінде 46;

- TOEFL Paper-based testing (TOEFL PBT), шекті балл - кемінде 453;

б. неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (DSH, NiveauB2/ B2 деңгейі), TestDaF-Prüfung (Niveau B2/B2 деңгейі);

с. француз тілі: Test de Franzais International™ – Тест де франсэ Интернациональ (TFI (ТФИ) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес), Diplome d’Etudes en Langue franzaise (DELFL), B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue franzaise – (DALF), B2 деңгейі), Test de connaissance du franzaise (TCF) – 50 баллдан кем емес).

1.9 Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдердегі шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім беру бағдарламаларын сәтті меңгерген және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредиттеуі бар тұлғалар 5 жыл ішінде алдыңғы тармақта көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

1.10 Қабылдау комиссиясы ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығын және қолданылу мерзімін түпнұсқамен және қолда бар деректер базасымен салыстыру арқылы тексереді.

1.11 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша, оның ішінде нысаналы даярлық шеңберінде оқуға үміткер тұлғалардың өтініштерін қабылдау уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жүргізіледі.

1.12 Магистратураға түсетін өтініштерді қабылдауды Университеттің Қабылдау комиссиясы және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы күнтізбелік жылдың 1-15 шілде аралығы мен 5-18 қараша аралығында, докторантураға - күнтізбелік жылдың 3 шілде мен 3 тамыз аралығында және 5-18 қараша аралығында жүргізіледі. Магистратураға түсушілер үшін КТ келесідей мерзімдерде өткізіледі: 1) күнтізбелік жылдың 20 шілдеден бастап 10 тамызға дейін; 2) күнтізбелік жылдың 18 қарашасынан бастап 11 желтоқсанына дейін.

1.13 Докторантураға білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандары күнтізбелік жылдың 4-20 тамыз аралығында және 19-11 желтоқсан аралығында, магистратура мен докторантураға қабылдау күнтізбелік жылдың 28 тамызы мен 26 желтоқсанынан бастап 10 қаңтарына дейін өткізіледі.

2. ТҮСУ ЕМТИХАНДАРЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

2.1. Магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі бойынша тесттен, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтау тестінен тұратын білім беру бағдарламаларының топтары бойынша кешенді тестілеу тапсырады.

2.2. Магистратураға ағылшын тілінде оқуға түсетін тұлғалар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және қазақ немесе орыс тілдерінде оқуға дайындығын анықтау тестінен (таңдау бойынша) тұратын кешенді тестілеуді тапсырады.

2.3. Түсу емтихандарын және кешенді тестілеуді оқуға тапсырған жылы оларды қайта тапсыруға жол берілмейді.

2.4. Докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде Университетте білім беру бағдарламалары бойынша емтихан және апелляциялық комиссиялар құрылады.

2.5. Білім беру бағдарламалары бойынша емтихан және апелляциялық комиссиялар тиісті білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми дәрежесі бар Университет және ғылыми ұйымдар қызметкерлерінің қатарынан қалыптастырылады және төраға мен үш мүшеден тұрады, олардың екеуі ғылым докторы немесе PhD докторы болуы тиіс. Білім беру бағдарламалары бойынша емтихан және апелляциялық комиссияның құрамы Университеттің уәкілетті лауазымды адамының бұйрығымен бекітіледі.

2.6. Докторантураға түсу емтиханы Аймақтық тестілеу орталығының базасында компьютерлік форматта өткізіледі.

2.7. Докторантураға түсу емтиханы компьютерлік форматта мыналардан тұрады:

1) эссе жазу;

2) докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест (бұдан әрі – «ДАТ»);

3) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар.

Қорытынды баға Үлгілік қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес эссені бағалау, докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап нәтижелерін жинақтау арқылы алынған балдардың жиынтығын білдіреді.

Докторантураға түсу емтиханына 4 сағат (240 минут) бөлінеді, оның ішінде:

- докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тестке - 50 минут;

- білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша эссе және емтихан сұрақтарына жауаптар жазуға-190 минут (3 сағат 10 минут).

Бұл ретте көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектерге Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 30.01.2015 жылғы № 44 «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мүгедектікті белгілеу туралы құжатты ұсынған кезде 60 минутқа дейін қосымша уақыт беріледі.

2.8. Түсу емтиханы үшін ең жоғары балл – 100 балл, оның ішінде эссе-20 балл, «ДАТ» – 30 балл, БББТ бейіні бойынша емтихан – 50 балл.

2.9. Үміткерлер түсу емтиханын өз таңдауы бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде тапсыра алады, бұл ретте емтиханның барлық блоктары таңдап алынған тілдердің бірінде болуы тиіс.

2.10. Түсу емтихандары бойынша Апелляция уәкілетті органның регламенттеріне және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес жүргізіледі. Докторантураға түсу емтиханының компьютерлік форматтағы апелляциясына өтініш емтихан тапсыру орны бойынша өңірлік тестілеу орталығында нәтижелер жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ден 13:30-ға дейін қабылданады. Апелляцияның нәтижелерін өтініш түскен күні сағат 18.00-ге дейін ҰТО-ға жіберу қажет. Эссе жазу және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап беру нәтижелері бойынша апелляцияны Университеттің апелляциялық комиссиялары жүргізеді. Докторантураға түсетін тұлғалардың тест тапсырмаларының мазмұны және докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест блогының техникалық себептері бойынша апелляциясын Республикалық апелляциялық комиссия қарайды. Техникалық себептер бойынша докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест блогы бойынша апелляцияға өтінішті оқуға түсуші түсу емтиханын өткізу кезінде береді.

3. ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМНІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Университеттің Кабылдау комиссиясының қызметкерлері келесідей жағдайда жауапкершілік алады:

3.1 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру талапкерлерінен құжаттарды қабылдау мерзімдерін сақтамаған жағдайда.

3.2 Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасында, сондай-ақ еңбек тәртібі ережелерінде және Университеттің өзге де ішкі құжаттарында белгіленген шектерде өз міндеттерін тиісінше орындамаған жағдайда.

3.3 Қазақстан Республикасының қолданыстағы Еңбек және азаматтық заңнамасында белгіленген шектен тыс материалдық залал келтіру жағдайында.

3.4 Кабылдау комиссиясының мүшелерін құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын ұйымдастыру мәселелері бойынша дұрыс хабарламау жағдайда.

3.5 Кабылдау комиссиясының жауапты хатшысы апелляциялық комиссияның тиісті жұмысын ұйымдастыруға, сондай-ақ оқуға түсушілердің емтихан жұмыстарын тексеру бойынша жұмысты үйлестіруге, апелляция нәтижелерін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен ҰТО-ға жеткізуге мониторинг жүргізуге жауапты болады.

3.6 Кабылдау комиссиясының жауапты хатшысы оқуға қабылдау туралы бұйрықты уақтылы дайындауға, оқуға түсушілермен шарттар жасасуға, оқуға түскендердің жеке істерін қалыптастыруға және оларды Тіркеу кеңсесіне, мұрағатқа беруге жауапты болады.

4. ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫМЕН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС КЕЗІНДЕ УНИВЕРСИТЕТТІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1 Университеттің Маркетинг және қабылдау департаменті Университеттің ресми сайтында Кабылдау комиссиясынан, «Докторантура» ГББД және Рекрутинг және қабылдау бөлімінен алынған ақпараттың уақтылы ұсынылуына жауап береді.

4.2 Кабылдау комиссиясы Ақпараттық технологиялар департаментінің қызметкерлерімен бірлесіп Кабылдау комиссиясының жұмысын техникалық қамтамасыз етуге және техникалық хатшылар мен консультанттарды оқытуды ұйымдастыруға жауап береді.

4.3 Қабылдау комиссиясы емтихан және апелляциялық комиссия мүшелерімен бірге бағалаудың объективтілігі және қорытынды нәтижесі үшін жауапты болады.

4.4 ҒББД жетекшілері (Жоғары мектеп директорлары тағайындаған жауапты тұлғалар) қабылдау комиссиясының жауапты хатшысымен және «Докторантура» ҒББД жетекшілерімен бірлесіп докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезінде білім беру бағдарламаларының топтары мен эссе тақырыптары бойынша емтихан сұрақтарының уақтылы әзірленуіне жауапты болады. Бұл ретте білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан сұрақтарының сапасы мен эссе тақырыбының белгіленген талаптарға сәйкестігі үшін ҒББД басшылары жауапты болады.

4.5 Қабылдау комиссиясы Ақпараттық технологиялар департаментінің қызметкерлерімен бірге емтихан сұрақтарын ҰТО деректер базасына жүктейді.

5. МАГИСТРАТУРА МЕН ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ПРОЦЕСІ

5.1 Магистранттар мен докторанттар қатарына қабылдау Университеттің Қабылдау комиссиясының шешімі негізінде Университеттің уәкілетті лауазымды тұлғасының бұйрығымен жүзеге асырылады.

5.2 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша философия докторларын (PhD) мақсатты даярлауға тұлғаларды қабылдау осы даярлауға үміткер тұлғалар арасында конкурстық негізде жүзеге асырылады.

5.3 Докторантураға және магистратураға тұлғаларды қабылдау түсу емтиханының және кешенді тестілеудің нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

5.4 Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда докторантураға қабылдау кезінде білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша неғұрлым жоғары баға алған тұлғалар басым құқыққа ие болады. Содан кейін білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін ғылыми жетістіктер ескеріледі: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде соңғы 3 күнтізбелік жылдағы Clarivate Analytics компаниясының Web of science дерекқорының Journal Citation Reports деректері бойынша 1, 2 квантильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдарда; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендиялар, гранттар беру туралы сертификаттар; ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар/дипломдар.

5.5 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар, оның ішінде нысаналы орындар одан әрі жоғары оқу орындары арасында қайта бөлу үшін уәкілетті білім беру органына қайтарылады.

5.6 Докторлық бағдарламаларға түсетін талапкерлерді конкурстық іріктеудің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін Ұлттық тестілеу орталығы өтініштерді қабылдау базасын жапқаннан кейін білім беру бағдарламасын ауыстыруға жол берілмейді.

6. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМНІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ МЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ

6.1 Университеттің жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау саласындағы саясаты Университеттің стратегиялық мақсаттары мен миссиясымен айқындалады және зияткерлік деңгейі жоғары және ғылыми-зерттеу жұмысының дағдыларын меңгерген үміткерлерді іріктеу сапасын арттыруға бағытталған.

6.2 Университеттің жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау саласындағы басты стратегиялық мақсаты еңбек нарығында бәсекеге қабілетті және қоғамның қажеттіліктеріне жауап беретін ғылыми және педагогикалық кадрларды сапалы даярлау үшін талантты үміткерлерді тарту болып табылады.

6.3 Университеттің Қабылдау комиссиясы білім беру бағдарламаларының мазмұны мен ерекшеліктері, оқуға түсу ережелері мен талаптары, үміткерлерді іріктеу критерилері туралы әлеуетті клиенттерді ақпараттандыру бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізеді.

6.4 Университеттің Маркетинг және қабылдау департаменті Қабылдау комиссиясымен және «Докторантура» ҒББД келісуімен Университеттің ресми сайтында үміткерлерді қабылдауға қатысты барлық нормативтік құжаттарды, сапа стандарттарын және Университеттің басқа да ішкі құжаттарын жариялайды. Университет сонымен қатар қабылдау рәсімдеріндегі өзгерістер туралы ақпаратты жариялайды.

6.5 Университет рекрутингке, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іріктеу мен қабылдауға қатысты өтініштер мен шағымдарды реттеу үшін қолжетімді және әділ рәсімдерді айқындайды.

6.6 Жыл сайын тиісті жылдың наурыз айында Қабылдау комиссиясы рекрутинг, іріктеу және есепке алу рәсімдеріне қатысты шағымдар мен өтініштерді қарайды және қажет болған жағдайда жұмысқа түзетулер енгізеді. Қызметтің мұндай шолуы Университеттің миссиясы, пайымы мен стратегиялық мақсаттарына сәйкестігін тексеруді қамтиды. Рәсімдер жыл сайын тиісті жылдың сәуір айынан кешіктірілмейтін мерзімде қабылдау комиссиясының төрағасымен келісіледі және бекітіледі.

6.7 Маркетинг және қабылдау департаменті, Рекрутинг және қабылдау бөлімі, Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы магистратура және докторантура бағдарламаларына үміткерлерді Университет білім алушыларының қатарына өтуін ынталандыру мақсатында жеткілікті ақпаратпен қамтамасыз етеді. Университет кез-келген ақпараттың немесе іс-шараның уақыты мен мазмұны үміткерлердің әртүрлі қажеттіліктеріне сәйкес келетініне кепілдік береді.

6.8 Университет өзінің білім беру бағдарламаларының сапасын жақсарту, соңғы ғылыми және зерттеушілік ілгерілеулерді көрсету және өзгермелі кәсіби орта мен еңбек нарығы талап ететіндей тиісті өзгерістерді енгізу мақсатында жыл сайын өзінің құрылымын қайта қарайды.

6.9 Кейбір бағдарламалар магистратура бағдарламаларына (шағын топтар) үміткерлер тарапынан сұраныстың жеткіліксіздігіне байланысты қолжетімсіз болуы мүмкін. Мұндай жағдайда Университеттің қабылдау комиссиясы үміткерлерді осындай өзгерістері туралы хабардар етеді және оларға басқа білім беру бағдарламаларын немесе басқа тіл бөлімшелерін ұсынады, сондай-ақ Қабылдау комиссиясы осы бағдарламаның үміткерлердің сипаттамаларына, қалауына және жұмыс өтіліне қарай тиісті жылдың 10-20 тамызы кезеңінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын басқа білім беру ұйымдарындағы мүмкіндіктері туралы кеңес береді.

6.11 Үлгілік қағидалармен және осы ережемен регламенттелмеген мәселелерді Университеттің Қабылдау комиссиясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес шешеді.

Өзірлеушілер: Рекрутинг және қабылдау бөлімінің басшысы

Рекрутинг және қабылдау бөлімінің үйлестірушісі

 Адильбекова А.А.

 Төлегенов А.